

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 наурыз N 370.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.17. N 1596 қаулысымен. ~P971596

"Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 сәуірдегі N 2227 U952227_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 28 наурыздағы
N 370 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы туралы
Е Р Е Ж Е

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - БҚҰК) бағалы қағаздар нарқын мемлекеттік реттеуді, бағалы қағаздардың нарқына кәсіби қатысушылардың, қор биржалары мен эмитенттердің қызметін бақылауды, сондай-ақ оның қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады.

2. БҚҰК өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен басқа да шешімдерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. БҚҰК-ның міндеттері мен функциялары

3. Бағалы қағаздар нарқын ұйымдастыру мен дамыту саласында біртұтас мемлекеттік саясат жүргізу кезіндегі БҚҰК-ның басты міндеттері:

бағалы қағаздар нарқындағы қатынастарды реттеу;

бағалы қағаздар нарқына қатысушылардың құқықтарын қорғау болып табылады.

БҚҰК өз құзыретінің шеңберінде бағалы қағаздар нарқында мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың бағалы қағаздар жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарын сақтауына бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

4. Жүктелген міндеттерге сәйкес БҚҰК мынадай функцияларды орындауды:

бағалы қағаздар нарқын қалыптастыру мен дамыту саласында Қазақстан Республикасы үшін басымдықтарды айқындау жөнінде ұсыныс әзірлейді;

бағалы қағаздар шығару және олардың айналысы саласындағы қатынастарды бағалы қағаздар нарқындағы кәсіби қатысушылардың, олардың бірлестіктерінің және қор биржаларының қызметін реттейтін заң жобалары мен өзге де нормативтік актілерді әзірлеуге қатысады;

эмитенттердің бағалы қағаздардың эмиссияларын тіркеуді, сондай-ақ басқа мемлекеттердің эмитенттері шығарған бағалы қағаздарды қор нарқында айналысқа жіберуді жүзеге асырады;

мемлекеттік тіркеуден өткен бағалы қағаздарға бірегейлендірілген нөмірлер беру;

бағалы қағаздарды шығарудың шарттары мен айналысын орындау бойынша эмитенттерге бақылауды жүзеге асырады;

шығаруға тіркелген бағалы қағаздардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың реестрін жүргізеді;

бағалы қағаздардың ұлттық нарқын дамытудың жай-күйі мен перспективасын талдайды;

бағалы қағаздар нарқында брокерлік, дилерлік, депозитарлық, бағалы қағаздардың портфельдерін басқару жөніндегі, бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрін жүргізу жөніндегі, бағалы қағаздарды сақтау жөніндегі биржа нарқынан тыс еркін өтімді жүйелердің, қор биржаларының, бағалы қағаздар бланкілерін жасау және әкелу, сондай-ақ бағалы қағаздар бланкілерінің белгіленген халықаралық стандарттар мен БҚҰК-ның талаптарына сәйкестілігін ескеріп, оларды әзірлеу мен толтыру кәсіби қызметін жүзеге асыру құқына және кәсіби қызметтің өзге де түрлеріне (БҚҰК-ның белгілеуі бойынша) лицензия береді;

бағалы қағаздар бланкілерінің белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкес болуын ескеріп, оларды, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілеріне рұқсаттар

береді;

бағалы қағаздар нарқының кәсіби қатысушыларын оқыту және қайта даярлауды ұйымдастырады;

бағалы қағаздар нарқының эмитенттері мен қатысушыларының (Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместерінің) бағалы қағаздар нарқында операциялардың жүргізілуін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын, заңдық нормативтік актілерін сақтауын бақылайды;

бағалы қағаздар нарқына кәсіби қатысушылардың, қор биржаларының қызметінің өздері алған лицензияларға сәйкестілігіне тексеріс жүргізеді;

эмитенттердің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздарымен операциялары бойынша берушілігіне тексеріс жүргізеді;

бағалы қағаздар нарқындағы бағалы қағаздар нарқы субъектілерінің қызметі туралы ақпараттың толымды, ақиқат, қол жетімділігі, сондай-ақ аталған ақпараттың халыққа жүйелі түрде жеткізілу талаптарын ескеріп, оны жариялау тәртібінің сақталуын бақылауды;

бағалы қағаздар нарқының жай-күйі мен жұмыс істеуі туралы есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібереді;

шаруашылық жүргізуші объектілердің бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыру мәселелері бойынша және бағалы қағаздар нарқы мен қор биржаларына кәсіби қатысушылардың негізгі қызметі бойынша бухгалтерлік есепке алу мен есеп беруді ұйымдастырудың бірыңғай әдістемелік негіздерін айқындауға қатысады;

меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруға, жекешелендіру жүргізу, жекешелендірілген кәсіпорындар мен ұйымдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқару жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысады;

эмитенттердің, бағалы қағаздар нарқына және қор биржаларына кәсіби қатысушылардың бухгалтерлік баланстарын қарайды, бағалы қағаздарды орналастыру барысы туралы шаруашылық жүргізуші субъектілердің есептерін бекітеді;

"Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарқы" журналында бағалы қағаздар нарқының жұмысына байланысты ресми материалдарды жариялайды.

5. БҚҰК жүргізетін тексерістер БҚҰК-нің өз бастамашылығымен де, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары, құқық қорғау органдарының ұйғарымдамалары, БҚҰК-ке өтініш білдірген бағалы қағаздар нарқына қатысушылардың өтініштері бойынша да тағайындалады. Мұнда құқық қорғау органдарының ұйғарымдамасы бойынша тексерістер бірінші кезекте жүргізіледі.

III. БҚҰК-ның құқықтары

6. Жүктелген міндеттері мен орындайтын функцияларына сәйкес БҚҰК-нің мыналарға құқы бар:

бағалы қағаздар нарқы субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік актілер шығарады;

бағалы қағаздар нарқын ұйымдастыру және дамыту мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ведомстволық актілердің күшін тоқтата тұру немесе күшін жою туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізеді;

БҚҰК атқарушы аппаратының аймақтық бөлімшелерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелерін белгіленген тәртіппен шешеді;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, министрліктерінен, мемлекеттік комитетінен және басқа да мемлекеттік атқарушы органдардан, заңды және жеке тұлғалардан олардың бағалы қағаздар нарқындағы қызметіне қатысты қажетті ақпаратты сұратып алады және мұндай ақпаратқа талдау жүргізеді;

шетел валютасындағы бағалы қағаздардан басқа, бағалы қағаздардың эмиссиясының жалпы көлемі мен оларды орналастыру тәсілдеріне қарамастан, бағалы қағаздардың эмиссияларын тіркеуді жүзеге асырады;

басқа мемлекеттердің эмитенттері шығарған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа түсіреді;

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарқында бағалы қағаздардың жаңа түрлерін және туынды бағалы қағаздарды айналысқа түсіру туралы шешім қабылдайды және тиісінше осы қағаздарды тіркеу мен олардың айналысының тәртіптерін белгілейді;

бағалы қағаздардың нарқында кәсіби қызметтің жаңа түрлерін, сондай-ақ мұндай қызметтің тәртіптері мен стандарттарын айқындайды;

акционерлік қоғамдарға, басқа да эмитенттерге бағалы қағаздарды шығару мен орналастыруды қолданылып жүрген заңдарды бұзып жүзеге асырған кезде оларды орналастыру мен шығарудан бас тартады немесе тоқтата тұрады;

бағалы қағаздардың нарқына кәсіби қатысушылардың қызметіне қойылатын біліктілілік талаптарын әзірлейді, бағалы қағаздар нарқында кәсіби қызметті, қор биржаларында қызметті жүзеге асыру құқына лицензиялар береді;

қолданылып жүрген заңдарда көзделген жағдайларда бағалы қағаздар нарқында кәсіби қызметті, қор биржаларында қызметті жүзеге асыру құқына берілген лицензияларды қайтып алады немесе олардың қолданысын тоқтатады;

бағалы қағаздар нарқына және қор биржаларына кәсіби қатысушылардан қызметінің қаржылық нәтижелері туралы есептер, БҚҰК белгілеген тәртіппен бағалы қағаздармен операциялар туралы ақпарат алады;

бағалы қағаздар шығару мен оларды орналастыруды жүзеге асыратын республиканың шаруашылық жүргізуші субъектілерінен оларды орналастырудың нәтижелері туралы БҚҰК айқындаған талаптарға жауап беретін есептер алады;

эмитенттер мен бағалы қағаздар нарқына кәсіби қатысушылардың бағалы қағаздармен операциялар жасау, дивидендтер төлеу жөніндегі есебі мен есеп беруінің ақиқаттығын тексереді;

тексерістерге қатыстыру үшін қаржы органдарының, салық инспекцияларының, құқық қорғау органдарының мамандарын, сондай-ақ консультанттар ретінде контрактілік негізде отандық және шетелдік мамандарды келісуі бойынша тартады;

бағалы қағаздар туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу фактілерін тапқан жағдайларда лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту мәселелері бойынша мемлекеттік құқық қорғау және сот органдарына өтініш жасайды;

қор нарқындағы қатынастарға, бағалы қағаздардың нарқын реттейтін нормалардың бұзылуы кезіндегі іс-қимылды келісуге қатысты мәселелер бойынша өзге мемлекеттердің бағалы қағаздар нарқын мемлекеттік реттеу органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

бағалы қағаздар шығару және олардың айналысы процесінде бұзылған бағалы қағаздар нарқы субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы сот органдарына шағым жасайды;

<*>

БҚҰК-нің жанынан халықаралық ұйымдардың өтеусіз көмегі қаражатының есебінен кейін сертификатталатын бағалы қағаздар нарқында жұмыс істеу үшін мамандарды оқытуды жүзеге асыратын оқу орталығын құрады;

<*>

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа да құқықтары бар.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың 20, 22-абзацтары алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.04.08. N 505 қаулысымен. P970505_

IV. БҚҰК қызметін ұйымдастыру

7. БҚҰК БҚҰК-на жүктелген міндеттерді орындау үшін барлық толық өкілеттіктер мен жауапкершілікке ие Төрағадан және комиссияның төрт мүшесінен тұрады.

БҚҰК төрағасы мен мүшелері бағалы қағаздар нарқын реттеу саласында шешімдер қабылдау жөнінде бірдей мәртебе мен тең құқықтарға ие.

8. БҚҰК төрағасы мен мүшелерін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша лауазымға Қазақстан Республикасының

Президенті тағайындайды және босатады.

9. БҚҰК-ның төрағасы мен қойылған міндеттерді орындау жөніндегі қызметін ғылыми, шығармашылық және оқытушылықтан басқа қызметтің өзге түрлерімен қоса атқара алмайды.

10. Бағалы қағаздар нарқын реттеу мәселелері жөніндегі БҚҰК шешімдері БҚҰК мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады, ол үш дауыстан кем болмауы тиіс. Шешімдер қаулылар мен хаттамалар түрінде ресімделеді.

11. БҚҰК қызметін қамтамасыз ету үшін оның тұрақты жұмыс істейтін атқарушы аппараты мен оның аймақтық бөлімшелері құрылады.

12. Төраға:

атқарушы аппараттың құрылымдық бөлімшелері мен оның аймақтық бөлімшелеріне басшылық бойынша БҚҰК мүшелерінің арасындағы міндеттерді бөледі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеуімен бөлінген еңбек ақы қорының және қызметкерлердің санының шегінде штатты, лауазымдық жалақыларды, атқарушы аппараттың және оның аймақтық бөлімшелері қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына сыйақылар мен үстеме ақылардың мөлшерін бекітеді;

БҚҰК-ның атқарушы аппараты мен оның аймақтық бөлімшелерінің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

атқарушы аппарат пен оның аймақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға ынталандыру шараларын қолданады және еңбек заңдарында көзделген тәртіптік шаралар жасайды;

өз құзыретінің шегінде атқарушы аппараттың және оның аймақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, қызметтік орын ауыстыру жасайды және жұмыстан босатады, оларға еңбек заңында көзделген ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік шаралар қолданады;

БҚҰК атқарушы аппаратының құрылымдық бөлімшелері, оның аймақтық бөлімшелері туралы ережелері бекітеді;

тексеріс нәтижелерін жоспарлау, жүзеге асыру және ресімдеуді реттейтін тәртіпті бекітеді;

мемлекеттің және Үкіметтің басшылығымен, республиканың министрліктері мен ведомстволарымен, сондай-ақ халықаралық не шетелдік үкіметтік және өзге де ұйымдармен қарым-қатынастарда БҚҰК-ні білдіреді.

13. БҚҰК мен оның атқарушы аппаратының лауазымды адамдарды өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде қолданылып жүрген заңдарды басшылыққа алуға, эмитенттер, бағалы қағаздар нарқы мен қор биржаларына кәсіби қатысушылар туралы алынған мәліметтерді тек қызметтік мақсатта ғана

пайдалануға міндетті. Өз міндеттерін орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамағаны және мемлекеттік, сондай-ақ заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтамағаны үшін олар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

14. БҚҰК және оның атқарушы аппараты республикалық бюджет қаражатының есебінен ұсталады.

15. БҚҰК төрағасына еңбек ақы төлеу, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету, көліктің және медициналық қызмет көрсету шарттары Министрдің деңгейінде, ал БҚҰК мүшелеріне - Қазақстан Республикасы министрінің бірінші орынбасарының деңгейінде белгіленеді.

16. БҚҰК-на мен оның атқарушы аппаратының аймақтық бөлімшелеріне берілген немесе бекітілген мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және басқару құқығы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

17. БҚҰК заңды тұлға болып табылады, оқшау мүлікке ие, банктерде ағымдағы, есеп айырысу және өзге де шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленіп, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар.

V. Тарату және қайта ұйымдастыру

18. БҚҰК тарату және қайта ұйымдастыру белгіленген заң тәртібімен жүргізіледі.